



№6
(2746)

Р а у а н

БЕЙНЕУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады

13 ақпан 2024 жыл

Газет 1985 жылдың 1 шілдесінен шыға бастады

rauan_r@inbox.ru

mangystaumedиа.kz

ХАЛЫҚПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС

ДЕПУТАТТАР – ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДА

Мәслихат депутаттары жаңа бағытта жұмыс істеуге бетбұрды. Бұл бағытта халықпен тығыз байланыс орнатып, аудандағы өзекті мәселелерді шешуге белсене атсалысуда.



Жуырда аудандық мәслихаттың төрағасы Ардақ Бораш пен облыстық мәслихаттың депутаты Айбек Сембіғалиев әлеуметтік маңызды нысандарды аралап, оларда атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Олар кезекті іссапарында алдымен аудан орталығындағы «Күйкен» бөбекжайында болып, ғимараттың жер телісінің жер асты суларына толу қаупі бар екенін көрді. Сол жерде ұжым басшысымен бірге қауіптің алдын алуға байланысты атқарылатын жұмыстарды талқылады.

Мәслихат депутаттарының іссапары одан әрі «Сарға» ауылында жалғасты. Ауыл тұрғындары бұдан бұрын ауылшілік газ құбыры техникалық талаптарға сай жүргізілмей жатқаны туралы наразылық білдірген еді. Тұрғындар талабы мердігер мекеме басшылығына жеткізіліп, кемшіліктерді жөндеу ескертілген болатын. Депутаттар ауылға барған бұл сапарында тұрғындар талабы ескеріліп, кемшіліктер жөнделгеніне көз жеткізді.

Сондай-ақ, осыдан біраз уақыт бұрын «Сарға» ауылындағы бөбекжайдың басшысы Шынар Рахметова аудандық мәслихат төрағасына келіп, бөбекжай ғимаратын жөндеу үшін көмек қажет болып тұрғанын жеткізген болатын. Сол кезде аудандық мәслихат төрағасы А.Бораш және облыстық мәслихат депутаты А.Сембіғалиев өздерінің бұл жұмысқа қол ұшын созатындарын айтқан еді. Сол келісім бойынша жасалған жұмыстармен танысу үшін депутаттар бөбекжайға да барып, ғимаратқа сапалы жөндеу жүргізілгеніне көз жеткізді.

Ү. АСҚАРҚЫЗЫ.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың төрағалығында жаңа Үкіметтің алғашқы кеңейтілген отырысы өтті. Отырыста Мемлекет басшысы елімізде өткен жылы атқарылған жұмыстарды қорытындылап, алдағы кезеңнің басты міндеттерін атап көрсетті.

ЭКОНОМИКАҒА жаңа серпін беру қажет



Мемлекет басшысы өткен жылы еліміздің экономикасы 5,1 пайызға өсіп, даму қарқыны бәсеңдегенін, алдыңғы Үкімет бұл бағытта біраз жұмыс істегенін айта келе алдымызда ауқымды жұмыс тұрғанын баса айтты. «Алдағы міндеттерді орындау үшін Үкіметке де, әкімдіктерге де тиісті күзрет берілген. Алайда бұл мүмкіндіктер көп жағдайда дұрыс қолданылмай жатады. Соның кесірінен реформаларды жүзеге асыру қарқыны бәсеңдеп кетеді. Мұндайды доғару қажет. Мемлекеттік органдар арасында өзара келісу мен талқылау жұмысы аяқталғанша, кез келген бастаманың негізгі мән-маңызы да өзгеріп кетеді. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болуы қажет. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды», - деді Президент.

Мемлекет басшысы қазіргі экономикалық ахуалға қатысты өзекті мәселелерді айқындап, аса маңызды он бағытқа жан-жақты тоқталды. Оларды тарқатып айтсақ, біріншіден, бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру, екіншіден, жаңа инвестициялық кезеңді бастау, үшіншіден, мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау, төртіншіден, экономиканы

кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау, бесіншіден, өндірістің дамуына тың серпін беру, алтыншыдан, агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану, жетіншіден, коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдету, сегізіншіден, еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру, тоғызыншыдан, экономиканы цифрландыруды жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану, оныншыдан, әлеуметтік салаға айырықша назар аудару қажет екенін баса айтты, бұл бағыттарда атқарылуы тиіс міндеттерді айқындап көрсетті.

«Біз алдағы уақытта жаңа экономикалық бағдармен жүреміз десек, Үкімет және әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуі тиіс. Ұлттық экономиканы өркендету үшін жаңа идеялар және ұзақ мерзімге арналған жүйелі ұстаным қажет. Біз еліміздің даму қарқынын күшейтуіміз керек. Экономиканы әртарапандырып, шетелден көбірек инвестиция тарту қажет» екенін қадап айтқан Президент сөзін «табысқа жету үшін мемлекет пен қоғам ортақ мүдде жолында әрдайым бірге болуы керек. Біз өркениетті ұлт ретінде тек жарқын болашаққа ұмтылып, тек алға қарай қадам басуымыз қажет», - деп түйіндеді.

Бұл бүгінгі күннің ең басты талабы болатыны анық.

Қ. НАЗАРҰЛЫ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

АЛАЯҚТЫҢ АРБАУЫНА ТҮСІП ҚАЛМАЙЫҚ

Өркениет төріне бет түзеген қоғамда интернетті пайдаланбай өмір сүру мүмкін емес. Жұмыста да, үйде де интернетсіз ісіміз өнбейді. Бірақ, бір өкінішті тұсы маңдай төрлетпей табыс тауып, мол олжаға кенелуді кездейтіндер де интернетті пайдаланудың амал-айласын жетілдіріп келеді.

Интернет, әлеуметтік желілер арқылы өзгелерді арбап-алдап оңай жолмен табыс тауып жүрген алаяқтардың жолына тосқауыл қоюға болмай ма? Көпшілікті алаңдатып отырған осы мәселеге жауап табу мақсатында газет тілшісі аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Болатбек Ықыласпен сұхбаттасты.

- Болатбек Ықыласұлы, елімізде алаяқтық, оның ішінде интернет алаяқтықтың жиі кездесетіні баршаға белгілі. Ауданымызда бұл бойынша жағдай қандай?



- Бүгінгі таңда бұл мәселе өзекті болып отыр. Айтпайық, өткен жылы аудан бойынша 53 алаяқтық дерегі тіркеліп, оның 21-і ғана ашылды. Тіркелген 32 дерек ашылмай қалды. Неге дейсіз ғой. Интернет алаяқтарының алдауына түскендердің көпшілігі Ресей, Украина, Беларусь секілді шет елдердегі

банктердегі шоттарға ақша аударған. Түскен ақша сол банктерден шешіп алынған. Ал шетелде жүрген алаяқтарды анықтау өте қиын болып отыр.

- Көбінесе кімдер алаяқтардың алдауына жиі түседі? Алаяқтар қандай амал-айла мен әдіс-тәсілдерді қолдана-

ды?

- Интернет алаяқтарына көбінесе зейнет жасындағы кісілер, әйелдер түседі. Сосын тезірек мол ақша тауып, оп-оңай байып кетсем дейтін, қаржылық сауаттылығы төмен адамдар алаяқтардың қармағына оңай ілігеді. Адамдардың осындай осал тұсын жақсы білетін алаяқтар әлеуметтік желілерге салымшы болып тіркелсе мол табыс күтіп тұрғанын майын тамызып тұрып жарнама жасайды. Көрсекызарлыққа беріліп, осындай жарнамаларға қызыққан кісілер түптің түбінде оңбай алданып, сан соғып, өкініп жатады. Жалпы алаяқтардың амал-айласының түрі көп. Сондықтан, бүгінгі таңда ондайлардан аулақ жүрген дұрыс.

- Алаяқтарға алданып қалған азаматтар қайда барып шағымданып, өтініш бере алады? Алаяқтық жасау дерегі анықталған жағдайда қандай шара қолданылады? Қылмыстың бұл түрінің алдын алу бағытында қандай шаралар жүзеге асырылады?

- Алаяқтық алдауына түскен азаматтар аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесіне келіп арыздануына болады. Алаяқтардың қылмыстық іс-әрекеті әшкереленгенде оларға Қазақстан Респуб-

ликасының Қылмыстық кодексінің 190-бабымен (алаяқтық) қылмыстық іс қозғалады. Қылмыстың жасалу жолына, оған қатысқан алаяқтардың санына, алдау жолымен тапқан қаражаттың мөлшеріне қатысты аталған бап түрлі тармақтарға дәрежеленіп қаралады. Сөйтіп, алаяқтық жасағаны анықталған адам бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Бүгінгі таңда алаяқтықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар жетілдірілуде. Маңғыстау облыстық полиция департаменті жанында «Kiberpol» жедел тергеу тобы құрылды. Аталған топ алаяқтарды анықтауға, олардың қылмыстық іс-әрекеттерін әшкерелеуге арналған озық үлгідегі технологиялармен қамтамасыз етілген. Бұдан бөлек, әр тоқсан сайын және «Anti-fraud» және «Hi-tech» атты жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіліп келеді. Сөзімді түйіндеп айтарым, алаяқтар амал-айласын асырмау үшін қызметті әлде де жетілдіреміз. Ең бастысы, азаматтар алаяқтық арбауына түсіп қалудан сақ болуы керек.

- Уақыт бөліп сұхбаттасқаныңыз үшін рахмет.

Сұхбаттасқан Үміт ҚАЗДАЕВА.



ҒЫЛЫМҒА ҚҰШТАРЛЫҚ

РОБОТОТЕХНИКА БАЙҚАУЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Робототехника - болашақтың емес бүгінгі күннің озық технологиясына айналуға. Сондықтан мектебіміздің оқушыларының осы саланың маманы болуға деген қызығушылығы жоғары.



26 қаңтар күні Маңғыстау облыстық білім басқармасының іс-шаралар жоспарына сәйкес Ақтау қаласындағы маман-

дандырылған ІТ лицейі базасында республикалық «Robotek Grand Tournament» атты робототехника чемпионатының облыстық іріктеу кезеңі өткен болатын. Чемпионаттың мақсаты – робототехника, инженерия және бағдарламалау салаларында дарынды балаларды анықтап, олардың жетістікке жетуіне қолдау таныту. Жалпы қоғам мен мемлекеттің назарын ғылымға негізделген техникалық білім беруге аудару.

Аталған чемпионаттың облыстық іріктеу кезеңіне «Мерген» аталымы бойынша қатысқан мектебіміздің 10-сынып оқушылары Ғалымбек Өділет пен Қашқынбаев Нұрқабыл жүлделі екінші орынды иеленді. Осы орайда айта кетейік, оқушылардың озық технологияның негізі саналып жүрген салалардағы мамандықтарды меңгеруге қызығушылығы зор. Осылайша олар түрлі деңгейдегі байқауларда алдыңғы орындардан көрініп келеді. Бұл оларды аталған салаға қызықтырып баулып жүрген Райхан Алдоңғарова сынды әріптестеріміздің табанды еңбегінің жемісі деп білеміз.

Салтанат КОШЕКБАЕВА,
Қарақұм жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі.

ЖЕТІСТІК

ДАРЫНДЫ ФУТБОЛШЫЛАР ДАЙЫНДАЙМЫЗ



Өскелең ұрпақтың арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, психологиялық және физикалық тұрғыда қалыпты дамытуда спорттың орны бөлек. Бұл міндетті жүзеге асыруда мектептердегі дене тәрбиесі пәні мұғалімдері атқаратын міндет ауқымды.

Алматы қаласындағы спорт және туризм академиясын бітіріп, мектепте дене тәрбиесі мұғалімі қызметін атқарып жүргеніме он жылға жуықтады. Осы жылдар ішінде оқушыларды спорттың көптеген түрлеріне қызықтырып баулу да біршама тәжірибе жинақтадым деп айта аламын. Нақты айтсам, 2016 жылдан бері облыстық кіші футболдан ашық біріншіліктің жоғары лигасында ойнап жүрмін. Бұл мақаламда өзім туралы емес, оқушылардың футболдағы жетістіктерін тілге тиек еткелі отырмын.

Футбол – тек қана доп ойыны емес. Ол балалардың шеберлігін шыңдап, белсенділігін арттыруға тәрбиелейді.



Бұл деңгейге жету жолында дене тәрбиесі мұғалімі де, ойынға қатысушы оқушылар да көп тер төуге тура келеді. Сонда жетістікке жол ашылады. Мен мұны өз тәжірибемнен алып жазып отырмын. Айтайық, биыл мектебіміздің 9-10-11-сыныптардағы – Досымжан Айтқали, Мерей Сұлтансағы, Нұрдаулет Сыдық, Мейірман Тұрсынбай, Нұржан Мұсаев, Алтынбек Айдынғалиев, Мырзабек Тұрманов, Нұрлы Болатұлы, Нұрсұлтан Бақтиярұлы, Жомарт Өзберген, Айтбай Тәуекелов сынды футбол ойынының шеберлерінен құралған командасы аудандық және облыстық сайыстарда осы жылдың қаңтар айында чемпион атанып, республикалық жарысқа қатысуға жолдама алды. Олардың арасында Алтынбек Айдынғалиев пен Мырзабек Тұрманов «Бейнеу-Қыран» футбол

клубының шебер ойыншылары болып танылып келеді. Ал аталған клуб ойыншылары Маңғыстау облысының ашық біріншілігінде 2023 жылы екінші лигада өнер көрсеткен болса, биыл бірінші лигада ойнайды. Бұлардың барлығы мектебіміздің футболшыларының шеберлігі жетіліп келе жатқанын көрсетеді. Жас спортшылардың осындай жетістікке жетуіне әріптестерім Елдос Аманбаев пен Нұрлыбек Шағыров зор үлес қосып келеді.

Біз аталған жетістіктермен шектеліп қалмаймыз. Ең басты мақсатымыз – дарынды футболшыларды дайындап, спорт саласында бұдан да биік белестерге көтерілу.

Азамат ЛЕСБАЕВ,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің дене тәрбиесі пәні мұғалімі.

КӘСІПКЕ БАҒДАРЛАУ

Мектебімізде «Кәсіби таңдауым - өмірлік қалауым» тақырыбында жоғары сынып оқушылары мен еліміздің түрлі жоғары оқу орындарында білім алып жүрген студенттердің кездесуі өтті.



ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАУ МАҢЫЗДЫ

Аталған іс-шараны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева мен кәсіптік бағдар беру маманы А.Орынбаев ұйымдастырды. Кездесу барысында мектебіміздің бұрынғы түлектері, бүгінгі таңда С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері Ғалым Қуанов, Айбала Иманғали, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті Дана Қараманова, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу технологиялық университетінің студенті Ақмамық Баянтурлина мамандық таңдаудың жауапкершілігі және маман болып жетілу туралы ойларын ортаға салды.

Мектебімізден түлеп ұшқалы отырған оқушылары оларға сан алуан сұрақтар беріп, кеңестерін тыңдады. Осылайша бұл іс-шара түлектердің мамандық таңдауға дұрыс таңдау жасауына септігін тигізетін деңгейде өтті.

Айнур АҚҚҰЛОВА,
Ә. Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектептің мұғалімі.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

"MetanGas"ЖШС 2024 жылғы 20 ақпаннан бастап "Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, №1 аймақ, 87, 87/1 құрылыс" мекен-жайы бо йын-ша Бейнеу ауылында операторлық, АГНКС, АГЗС құрылысы" жұмыс жо ба сы бойынша 5 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен бір-ыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecorportal.kz/> ес кер тулер мен ұсыныстар беру үшін" жарияланған қоғамдық талқылаулар" бө лі мінде. "MetanGas" ЖШС жобасының тапсырыс берушісі, телефоны 8701 124 6153, e-mail: metan_gas@kgholding.kz

ОБЩЕСТВЕННОЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «MetanGas» сообщает о проведении Общественных слушаний в форме публичных обсуждений с 20 февраля 2024 года в течении 5 рабочих дней по Рабочему проекту «Строительство операторской, АГНКС, АГЗС в селе Бейнеу по адресу: Мангистауская область, Бейнеуский район, село Бейнеу, №1 зона, строение 87, 87/1». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz/> в разделе «Опубликованные общественные обсуждения» для предоставления замечаний и предложений. Заказчик проекта ТОО «MetanGas», телефон 8701 124 6153, e-mail:metan_gas@kgholding.kz

№46

Құрметті оқырмандар!

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС басылымдарына жарнама, хабарландыру беру немесе ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына қоңырау шалсаңыз болады.



Ватсап: 87781459093.
8(7292)204842. 8(7292)204834.
pr@ogni.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бейнеу ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешімінің жобасы Бейнеу әкімдігінің сайтында және НҚА ашық порталында жарияланды:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-beyneu/documents/details/603707?lang=kk> <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14931678>

Бейнеу аудандық жеке-нотариусы А.Ж.Айлаеваның өндірісінде 16.08.2023 жылы қайтыс болған Ниязбаев Сыдықтың мұрагерлік ісі болуына байланысты мұрагерлік іс ашу үшін 02.04.1951 жылы Өзбекстанда туған Ниязбаев Сыдықтың мұрагерлерін іздейді. Осы хабарландыру шыққан күннен бастап 1 ай ішінде заң бойынша бірінші кезекте мұрагері бар болса, мұралық іс ашылған Бейнеу ауданы Ж.Қалдығараев көшесіндегі №14 нотариусқа хабарласулары сұралады.

Меншік иесі:
МАҢҒЫСТАУ
MEDIA
Директор
Гүлмира ӘБИШЕВА
Қабылдау бөлімі,
тел/факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

Рауан
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 жылы есепке қойылып, №13356-Г күйлігі берілген.
Редактор – Қартбай ҚОЖАЕВ
Тілшілер: Гүлнара Жайықова,
Үміт Қаздаева

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн орталығында беттелді
Беттеуші дизайнерлер – Ш.АЯЗБАЕВА
Асем РАБАЕВА
"Атырау-Ақпарат" ЖШС
баспаханасында басылды.
060005, Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев көшесі,
29А. Тел: 8 7122 458-660,
586-392.
Тапсырыс: 0176

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
■ Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады
Таралымы: 2550. Индекс: 65690
газет бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ	
13 ақпан	түнде:+6 күндіз: +11
14 ақпан	түнде: 0 күндіз: +6
15 ақпан	түнде:-8 күндіз: -2
16 ақпан	түнде:-12 күндіз: -7
17 ақпан	түнде:-12 күндіз: -4